

2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 901/12 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қаңтарда N 8-2-75 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 01/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2010.01.14 N 01/01 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына сәйкес, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге мемлекеттік кепілдік беру жүйесін кеңейту мақсатында Жезқазған қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылы жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізімі бекітілсін.
2. "Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2009 жылы қолайлы жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырсын.
3. Ақылы қоғамдық жұмыстармен қамтылатын жұмыссыздардың еңбекақы төлемі 2009 жылғы белгіленген ең төменгі еңбекақйдан төмен емес айлық еңбекақы мөлшерінде нақты орындалған жұмысқа жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілсін.
4. "Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:
халықты, сондай-ақ қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарын қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы, өткізілуі және олардың төлем ережесі туралы хабардар етуді қамтамсыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Станислав Валентинович Филиповичке жүктелсін.
6. Осы қаулы ресми жариаланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Балмағамбетов

Жезқазған

қаласы

әкімдігінің

2008

жылғы

25

желтоқсандағы

N 901/12 қаулысымен бекітілді

2009 жылы жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізімі

Ескерту. Тізімге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2009.04.28 N 11/28 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

p/c N	Кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Саны, адам	Жұмыстардың түрлері
1	2	3	4
1.	"Жезқазған қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	50	Қоғамдық науқанды ұйымдастыру және өткізуге халық және басқалармен жұмыстарға қатысуға көмек
2.	"Кеңгір селосы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	50	Көгалдандыру, аббаттандыру және аумақты қоқыстан және қардан экологиялық тазалау
3.	"Талап селосы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	40	Көгалдандыру, аббаттандыру және аумақты қоқыстан және қардан экологиялық тазалау
4.	"Малшыбай селосы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Көгалдандыру, аббаттандыру және аумақты қоқыстан және қардан экологиялық тазалау
5.	"Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі	30	Қазақстан Республикасы қарулы күштеріне шақыру қағазын рәсімдеу және жеткізуде, әскер шақырылғандардың деректер банкіне ілестіруге көмек
6.	"Жезқазған қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	35	Салық төлемдерін жинау хабарламаларын дайындап таратуға және халықпен жұмыс жүргізуге көмек
7.	"Жезқазған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	20	Мектеп және мектепке дейінгі мекемелерде балалармен жұмыс жүргізуге көмек (қоғамды тәрбиеші, репетитор)
8.	"Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	110	Әлеуметтік қорғауға мұқтаж халықтың әртүрлі санаттарының деректер қорын ілестіру және жүргізуге көмек көрсету, ауылшаруашылығы жұмыстарын ұйымдастыру
9.	Жезқазған қаласының әділет басқармасы	20	Халықты құжаттандыру бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету
10.	"Жезқазған қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі	50	Құжаттарды реттеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге және құқық бұзушылықтардың профилактикасына көмек көрсету
11.	Жезқазған аумақтық сот орындаушыларының бөлімі	10	Құжаттарды реттеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету

12.	Жезқазған қаласының статистика бөлімі	10	Халық санағын ұйымдастыру және жүргізу жұмыстарына көмек көрсету мен құжаттарды реттеуге көмек
13.	"Жезқазған қалалық автокөлік жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	45	Көгалдандыру, аббаттандыру және аумақты қоқыстан және қардан экологиялық тазалау
14.	Қарағанды облысы Жезқазған қалалық соты	10	Құжаттарды реттеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету
15.	"Қазақавтожол" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облыстық филиалы ЖПУ-44	10	Республикалық маңызы бар автокөлік жолдарының жол бойы бөлігіндегі қоқысты тазалау

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК